

"Астана медицина университеті" АҚ
"Балалар ауруы пропедевтикасы" кафедрасы

Балалардағы орталық және перифериялық жүйке жүйесінің анатомо-физиологиялық ерекшеліктері. Жаңа туған балалардың рефлекстері. Статика, моториканың даму этаптары. Сөйлеудің, эмоцияның, қарым қатынасқа түсудің дамуы.



Орындаған: Жумамурат А.Б.
Топ: 319 ЖМ
Қабылдаған:

Астана 2018ж.

Жоспары:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

- Жүйке-жүйесінің дамуы
- Нәрестелердегі жүйке-жүйесінің ерекшеліктері
- Жаңа туған балалардың рефлекстері
- Нәресте сөйлеуінің дамуы

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Жүйке жүйесі бір жақтан физиологиялық және зат алмасушылық процесстерінің үйлесуін, екіншіден –ағзаның қоршаған ортамен байланысын қамтамасыз етеді.



Жүйке жүйесі жатыр ішілік кезеңінің 1-і жұмасында пайда болады. Туғаннан кейін бас мидың қалыптасуына байланысты күрделі процессі аяқталмайды. Жаңа туған баланың бас миының айырмашылығы - ол шартты түрінде ірі, ірі салалары және қатпарлары жақсы дамыған, бірақта олардың тереңдігі мен биіктігі шамалы. Ұсақ қатпарлары туғаннан кейін қана пайда болады. Жаңа туған бала миының сұр заты ақ затынан нашар бөлінген. Барлық жүйке жасушалары бір біріне жақын, үстірт, олар мидың ақ затында да орналасқан.



Жаңа туған бала миының салмағы дене салмағынан шартты түрде көбірек. Ми салмағын дене салмағымен салыстырғанда – дене салмағының бір килограммына $1/8$ – $1/9$ -і болады, бір жасар балада $1/11$ - $1/12$, 5 жасар балада $1/13$ - $1/14$, ересек адамда $1/40$. Тоғыз айда бас мидың салмағы екі есе, үш жаста - үш есе көбейеді.

Баланың бас миы қан тамырларға, әсіресе капиллярларға өте бай, капиллярлар туғаннан кейін де дами береді. Осыған байланысты балалар бас миының қанмен қамтамасыз етуі ересектермен салыстырғанда, жоғарылау. Жүйке жүйесіне көп мөлшерде оттегі де керек. Сондықтан, мидың оттегіге қажеттілігі бұлшық еттерге қарағанда жиырма есе көп. Бала ауырса, баланың миында көп мөлшерде улы заттар жиналып, зат алмасуды бұзады. Осы себептен жас балаларда инфекциялық аурулардың токсикалық түрлері жиі кездеседі. Гематоэнцефалды кедергінің өткізгіштігі де осы жағдайды шиеленістіреді.

Баланың жұлыны туар кезде бас миіның дамуымен салыстырғанда, жақсы дамыған. Мойынның және белдің жуан жерлері тек үш жастан кейін пайда болады. Жұлын салмағы он айда екі есе көбейеді, үш-бес жас аралығында үш есе көбейеді. Жұлын ұзындығы 7-10 жасқа таман екі есе өседі, он жастан кейін мидың өсуі баяуланады да, жұлынның төменгі шегі жоғарылайды. Мидың ликворы мөлдір. Ол бұлдыр болса - бала іріңді менингитпен ауырғаны, ал қан аралас болса - мидың затына қан құйылған туралы ойлануға болады.



Нәрестелік кезең

- Баланың дүниеге келуі – күрт өзгеріс болып табылады. Біршама тұрақты ортадағы тіршіліктен (ана организмдегі) ол кенеттен жиі өзгеріп тұратын сан алуан тітіркендіргіштерге толы, ауалы ортадағы мүлдем жағдайға, яғни бұрынғы дәрменсіз тірі жан дәрежесінен ақыл – есті адам болып өсетін дүниеге шығады. Жаңа туған бала (туған сәттен 1-2 айға дейін). Өмірге бала шыр етіп келетіні белгілі. Бірақта, баланың дүниеге келуіндегі шыр етіп қалуын әр түрлі пікірлермен ғалымдар түсіндіргісі келеді. Мәселен З.Фрейд жарық дүниеге келген баланың шыр ете қалуын ана организмнен бөлінген сәтте болатын қамыға жылауы деп есептеді. Фрейд бойынша, осы сәттен бастап баланың инстинктік қажеттіліктері мен қоғамдағы өмір талаптары арасында тұрақты қақтығыс пайда болады. Фрейд бұл қақтығыстың психикалық өмірді қандай үздіксіз драмаға айналдыратын пессимистік тұрғыда суреттейді.

Шартты рефлекс

Зерттеулер көрсеткендей, баланың туа біткен аздаған реакцияларының жиынтығында сыртқы тітіркендіргіштерге көптеген рефлексдер бар, олардың негізінде ештеңе дамымайды. Бұл – баланың хайуанаттардың арғы атасынан тұқым қуалайтын атавизимдік рефлексдер. Жоғарыда аталған туа біткен рефлексдердің ішінде жармасу рефлексі мен еңбектеу рефлексі осыған жатады. Бұл рефлексдерге тән қозғалыс түрлері бара – бара жойылады. Жармасу рефлексі жұдырық түйген кезде алақанның тітіркенуінен пайда болады. Баланың психикалық дамуына сыртқы дүниемен өзара әсер теу қабілетін дамытуға қажетті қозғалыстарды жармасу қимылдары негізінде емес, саусақтардың тітіркенуінен пайда болатын қармау негізінде басталады. Жармасу рефлексі бала қарамауға үйренуден бұрын жойылады. Табанмен тіреп еңбектеу рефлексі де кеңістікте өздігінен қозғалуды дамытудың негізі болып есептелмейді. Зерттеулер нағыз еңбектеу аяқпен итеруден емес, қолдың қозғалысынан басталатынын көрсетті: бала көңілі ауған нәрсеге ұмтылады, қолын «кезек қозғап», алға жылжиды.

Қармау мен еңбектеу туған күннен бастап емес, одан едәуір кейін, үлкендердің осы қимылдары үйретуімен, жаттықтырумен қалыптасады.

Сонымен, бала хайуанаттар төліне қарағанда, әлдеқайда туа біткен мінез-құлық формаларымен аз қаруланған. Балада адамға тән мінез-құлық формалары әлі де қалыптаспауы тиіс.

- Әуелі шартты рефлексстердің пайда болуы өте қиын, бірақта екінші-үшінші өмір айынан кейін олар тездеу пайда болады. Бала алты айға толғаннан кейін шартты рефлексстер барлық сезім мүшелерінің дамуына байланысты пайда бола бастайды (есту, көру, дәм айыру, иіс тану, түйсіну сияқты рефлексстер).



Шартсыз рефлекс

Баланың жаңа жағдайдағы өмірін оның бойына туа біткен механизмдер қамтамасыз етеді. Оларда әлі де болса жетекші іс-әрекеттер жоқ. Шартсыз рефлексдер баланың дамуындағы алғы шарты. Оның түрлері:

қорғаныс рефлексдері – олар тітіркендіргіштен қашықтауға немесе оның әрекетін шектеуге бағытталған. (көзін жыпылдату, түшкіру, жөтелу).

бағдарлау рефлексі – басқа тітіркендіргіштерге жанасу реакциясынан көреміз. (қатты тітіркендіргішке басын бұру).

тамақтану рефлексі – бала тітіркендіргіш жаққа басын бұрып, ауызын ашады. (ему, сору, жұту).

- қимыл – қозғалыс рефлексі – баланың алақанына бірдеңе тиіп кетсе жармасу реакциясын тудырады. (жармасу, жүзу, еңбектеу).

- ❖ Бала туғанда үш түрлі шартсыз рефлексстермен туады, олар:
 - тұрақты, өмір бойы болатын автоматизмдер;
 - туғаннан кейін жойылатын; өтпелі (транзиторлы) рефлексстер,
 - туғаннан кейін пайда болмай, өсе келе дамитын рефлексстер.

Бірінші топ рефлексстеріне жататын рефлексстер: мүйізгек рефлексі, конъюнктивтік рефлексі, жұтыну рефлексі, орбикулопальпобралді рефлекс, аяқ-қолдың сіңірлік рефлексі. Осы шартсыз рефлексстердің негізінде қоршаған орта әсеріне байланысты шартты рефлексстер пайда бола бастайды.

Шартсыз рефлексстердің екінші тобына келесі өтпелі рефлексстер жатады:

Б а у э р р е ф л е к с і – баланы ішіне жатқызып, бүктетілген аяқтарының табандарына алақанды жолатса, бала еңбектегендей қозғалыс жасайды;

М о р о (кұлаштау) р е ф л е к с і - бала басынан 15-20 см қашықтықта үстөл үстін соқса, бала әуелі қолдарын екі жаққа жаяды да, сосын оларды бұрынғы қалпына келтіреді;

Ж е л к е б ұ л ш ы қ е т т е р і н і ң р и г и д т ы ғ ы – арқасында жатқан бала желкесіне қолды салып, бала иегімен кеудесіне жетсін деген мақсатпен басын алға бүккізу, жауабы оң болса – желкесінде ауырсыну сезім пайда болады;

Қарману рефлексі, егер баланың алақанына бірдеңе тигізсек қатты жармасып, ұстап алады. 2-ші айда бұл рефлекс жойылады. Қатты ұстау реакциясына айналады. Бала етпетінен жатқан кезде табанына алақаныңды тигізсек немесе бақайларын бір затпен жыбырлатсақ, тітіркеніп аяғын алға тартып, ішімен жылжиды, бұл еңбектеу реакциясына айналады.

Бағдарлау рефлексінің дамуы көруі мен естуі қабілетінің жинақталуынан көрінеді, бұл кезде ырықсыз, шашыранды қимылдар тежеледі. Егер өмірге келудің алғашқы күндерінде баланың ұйқысы және сергектік күйлері әлі нашар ажыратылатын болса, ал туған кезеңнің соңына қарай олар бөлініп, сергектік неғұрлым мазмұнды, белсенді сипат алады.

Сезім мүшелері. Біздің қоршаған дүниеден алатын әсеріміз сезім мүшелері арқылы қабылданады (рецепторлар) және орталық жүйке жүйесіне беріледі. шартты рефлексстерді қалыптастыру үшін бас миы қыртысының толысуынан басқа, есту, көру, иіс сезу, дәм сезу, мен түйсіну балалада жеткілікті түрде даму қажет екені түсінікті

Танымдық өрісінің дамуы

Туғаннан көру және есту анализаторлары әлі де болса аяқталмаған, ол белсенді түрде қалыптасады. 2-3 апта да қабілеті көрінсе, ал 3-4 апта да көру тұрақтылыққа ие болады.

Сәби жасының ерекшелігі 1-3 жасқа дейін сәбилік кезең деп аталады. Осы кезде баланың денесі де, психикасы да ерекше қарқынмен дамиды.

Бала өмірінің алғашқы жылында басы біршама үлкен, кеудесі ұзын, аяғы қысқа болады. Осы кезде бұлшық еті де баяу дамиды. Бала өмірінің алғашқы жылында көбінесе сұйық тамақпен тамақтанады. Алғашқы жылмен салыстырғанда бойы 1,5 салмағы 3 есе артады. Екі жасқа келгенде салмағы 200-250 грамм қосады. Бойы ай сайын 1 см өсіп, балаларда 20 сүт тісі болады. Бұлшық еттері дамиды. Тыныс алуы баяулап бірқалыпты ырғаққа келеді.

Бір жастың соңында баланың бас миының салмағы 780-800 г болады. Осы кезде ай сайын 30 грамнан қосылып отырады. Үш жаста миының салмағы 1100-1200 дейін болады. Осыдан кейін мидың салмағының артуы баяулайды:

7 жасқа келгенде 1250 г болады

8-9 жасқа келгенде 1300 г болады

15 жасқа келгенде 1350 г болады

21 жасында мидың салмағының артуы тұрақталады.

Баланың жоғарғы жүйке жүйесінің алғашқы үш жыл бойында өте тез дамиды.

Сәби дамуының басты белгілері

Сәбилік шақта (1-3 жас) бала қарқынды дами бастайды. Психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Үш жас кезеңіндегі баланың ақыл – ойы едәуір жетілген болады. 3 жасқа дейін осындай үлкен өзгерістердің болуына бірнеше факторлар себеп болады.

Бірінші себеп- баланың тік жүре бастауы. Бала бір жастан асқаннан кейін өз бетімен тік жүріп, түрлі заттардың қасиеттерін үлкендердің көмегінсіз зерттей бастайды. Өздігімен жүрген соң заттардың кеңістіктегі арақашықтығын да ажырата бастайды, кеңістікте бағдарлану қабілеті дамиды.

Екінші себеп- әр заттың өзіне тән қызметін ажырату немесе балада заттық әрекеттің дамуы

Үшінші себеп- баланың ойыны және тиісті өнерге үйренуі.

Бұл әрекет түрлі, сондықтан ойын мен іс-әрекеттер бала психикасының дамуына үлкен әсер етеді. Алдымен ойыншық түріне немесе дыбысына қызықса, кейін оның нені бейнелейтініне мән береді. Баланың бойы бірінші жылына қарағанда 1,5 есе өседі, ал салмағы 2 есеге артады.

3 жас дағдарысының 7 сипаттамалары:

Негативизм- бала ересектер қойған талаптарға жағымсыз реакция көрсетеді. Негативизм таңдамалы да болуы мүмкін, ол отбасы мүшесінің біреуінің тілін ғана алмайды немесе бір ғана тәрбиешіні тыңдамайды, ал басқаларымен қалыпты қатынаста болады. Әрекеттің басты мотиві- барлығын керісінше жасау.

Қыңырлық (упрямство)- бұл баланың өзі қалаған нәрсесін жасауға ұмытылуы. Өтпелі кезеңде қырсықтық (строоптивость) көрініс беруі мүмкін. Бұл нақты бір адамға емес, ерте балалық шақта қалыптасқан қатынастар жүйесіне бағытталған. Дербестілік тенденциясы байқалады: бала барлығын өзі жасап өзі шешкісі келеді. Негізінен бұл жақсы құбылыс, дегенмен дағдарыс кезінде бұл өз еріктілікке алып келуі мүмкін.

Наразылық – бүлікші (қасарыспалық)- кейбір балаларда ата-аналарымен конфликтілі жағдай жиі кездеесуі мүмкін, олар үлкендермен үнемі соғыс күйінде болады.

Деспотоизм (шексіз билеушілік)- отбасында бір ғана бала болса көрініс береді. Бала қоршаған адамдарға өзінің билігін көрсетеді.

Бағасыздану (обесценивание)- 3 жас дағдарысының ең қызық сипаттамасы. 3 жасар бала ұрыса бастайды, сүйікті ойыншығын лақтырып тастауы мүмкін, бұл құбылыстың барлығы баланың басқа адамдарға деген өзіне деген қатынасының өзгеруі жайында хабар береді. Бала 3 жасқа келгенде көптеген жаңа әрекеттердің түрі пайда бола бастайды. Осы кезде психикасы да ерекше қарқынмен дамиды. Мұндай жаңа әрекеттерге сәбидің ойнайтын ойынының түрленуі, сурет салуы, жапсыру, құрастыруы жатады. Бейнелеу әрекетінің әр түрі мен шұғылданып, қарандашпен қағазға өзінше жазу жазып, шимайлап, түзу таяқшалар сыза бастайды. Бұлар сурет салу дегеннің өзі бір заттың бейнесін қағазға түсіру екенін түсінеді. Баланың алғашқы сурет салуы үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Ерте сәбилік шақтың соңында (3 жасқа аяқ басқанда) кейінірек неғұрлым кең өркен жаятын және психикалық дамуды анықтайтын іс-әрекеттің жаңа түрлерін игере бастайды. Бұл ойын және іс-әрекеттің өнімді (сурет салу, жапсыру, құрастыру) түрі.

Заттық іс-рекетінің дамуына байланысты ерте балалаық шақта сурет салуды игерудің алғы шарттары қалыптасады, ол мектепке дейінгі шақта іс-әрекеттің ерекше түріне – бейнелеу іс-әрекетіне ауысады. Баланың бейнелеуге дейінгі кезеңнен бейнелеуге көшуі бірінен бірінің айқын айырмашылығы бар екі сатыға бөлінеді: әуелі сызықтардың кездейсоқ ұштасуынан бір затқа ұқсастық, сонан соң әдейі бейнелеу пайда болады.

Сәбилік шақтағы баладан графикалық бейнелерді пайдалатынын көреміз. Мысалы, екі жасар қыз бала дөңгелетіп салған қисық сызықтардың бірін «апаайым», екіншісін «ағайым», үшіншісін «шар» деп атайды. Дегенмен де баладан күрделі графикалық бейнені жүзеге асыру баладан көптеген күш жұмсаулы талап етеді.

Баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы өзара тығыз байланысты екі негізгі үдерісті қамтиды: ересектермен және құрдастарымен әртүрлі байланыс орнату қабілетін дамыту; баланың ересек адамның көмегі қажет толық тәуелділіктен бірте-бірте дербестікке көшуі. Жаңа туылған нәрестенің алғашқы әлеуметтік әрекеттері физиологиялық қажеттіліктерімен байланысты (тамақ, сусын, температура жайлылығы, қозғалыс, еш жерінің ауырмауы, жатыс-тұрысының жайлылығы). Бастапқыда ересекпен эмоционалдық қарым-қатынасының арқасында баланың тілдесуге деген қажеттілігі туындайды, физиологиялық эмоционалдық әрекеттер бірте-бірте әлеуметтік маңызды әрекеттерге айналады (мысалы, сәби ересек адам қолына алғанда, оның жылы терісімен әрекеттеседі).

Бір айлық сәби көзін адамның бет-жүзіне бірер сәтке тоқтата алады, тек аяқ-қолының ғана емес, сондай-ақ, аузы мен көзінің қимыл-қозғалысын қысқа уақытқа тоқтата алады. Екі айлық сәби қозғалыстағы адамның бет-жүзін бақылай алады, әрі ересек адамның жылы даусына күлімсіреу түрінде алғашқы жауабы пайда болады. Үш айлық сәбидің әртүрлі ұнамды тысқары әрекеттерге әркелкі жағымды эмоционалдық сезімдерінің құрамдас бөліктері жиі-жиі пайда бола бастайды, олардың барлығы «жандану кешеніне» бірігеді, яғни, баланың қимыл-әрекеттері үдей түседі, жиі күлімсірейді, әуенді дыбыстар шығарады. Бұл жаста баланы кез-келген адам күлімсірете алады. Шешуші мәнге қозғалыстағы адам жүзінің сұлбасы ие.

2,4 және 5 айлық баланың жиі қайталанатын жайттар арасында өзара байланыс бар екені туралы түсінігі қалыптасады, танымдық сезімдері дамиды. 6 айлық балалар таныс және бейтаныс адамдарға әртүрлі қарайды. Бала сыртқы келбеттегі, дауыс ырғағындағы, дауыстағы жеке өзгешеліктерді түсіне алады. **БІР ЖАС ІШІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖҮЙКЕ- ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ 2**

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ Бұл жаста негізгі сезім түрлерінің түгелдей бір жүйесін көруге болады: қуаныш, реніш, таныс және бейтаныс адамдарға қатысты сезімдер, өкпе. 12 айлық балалар әртүрлі әрекеттерді игеру нәтижесінде туындайтын сан-алуан әлеуметтік сезімдерге ие болады, сонымен қатар, ересектермен қарым-қатынас мазмұны да өзгереді –көбінесе бірлесіп, әртүрлі заттармен әрекеттер жасауға бағытталған. Бала бірте-бірте мақсатты «әлеуметтік ойынға» еніп, бастаманы өз қолына алады. Оны белсенділігі мен білімқұмарлығы, дербестікке ұмтылысы сезімдерінің қалыптасуына ықпал етеді.

- Баланың саусақтарындағы ұсақ моторикаларды дамыту туралы біз көп естіміз. Ал «ұсақ моторика» дегеніміз не? Ол моториканы дамыту не үшін керек?

Физиологиялық тұрғыдан айтқанда «ұсақ моторика» қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Ұсақ моториканы дамыту бұл ең алдымен сөйлеуді, тілді дамыту үшін керек екен. Себебі, қолдың саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқан, қолдың саусақтары қимылынан бастағы ми қыртысына импульс жіберіледі, осылайша оған жақын орналасқан сөйлеу аймақтары белсендендіріледі. Ғалымдардың дәлелдеуінше, ағзадағы барлық қозғалысқа жауап беретін ми қыртыстарының үштен бір бөлігінің жүйке нүктелерінің кескіні алақан мен саусақтарда орналасқан екен. Сондықтан зерттеушілер алақанды екінші тіл деп те атайды.

- «Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж.Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, өрісі, танымы дами бастайды.

Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді *дербес (автономиялық) сөз* деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметова. Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты. Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды» [3,48] дейді ғалым С.Н.Цейтлин.



- Бала үлкеннің сөзін қайталап айта бастаған кезінде көбіне фонетикалық қателіктерді жасайды.

Сәби «*сабын*» сөзін «*шабын*» деп немесе «*шар*» сөзін «*сар*» деуі мүмкін. Баланың тіліндегі ауысып отыратын дыбыстар өте көп кездесіп жатады: «*р*» мен «*л*» (*радио – ладио*), «*р*» мен «*и*» (*Айбатыр – Айбатыи*), «*ж*» мен «*д*» (*жоқ – доқ*), «*т*» мен «*н*» (*тамақ – намақ*), «*б*» мен «*п*» (*банан – панан*), «*в*» мен «*б*» (*автобус – абтобус*) және т.б. Бұл қателіктердің негізінде артикуляция мәселесі жатыр

● Бала 1 жас пен 2 жас аралығында «*бірсөзді сөйлемді*» жиі қолданады. С.Н.Цейтлиннің пікірінше, «баланың алғашқы сөздері – оның алғашқы ойы болады. Бұл – «*голофраза*» деп аталады [3,209]. Бұл сөз белгілі бір ойды беретін, жағдайды түсіндіретін құрылым». Ғалымның пікірін тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Мысалы, бала *автобусты* көрсетіп «*автобус*» дейді. Бұл сөздің негізінде «*әне, автобус*» немесе «*автобус келе жатыр (өтіп бара жатыр, тұр)*» сөйлемдері жатыр. Баланың сөздік қорынын аздығынан сөйлемді толық айта алмайды, бір сөзбен жеткізеді. Осылайша бала бір сөзбен бір сөйлемнің мағынасын түсіндіреді

2 жас шамасындағы бала біртіндеп екісөзді сөйлем құрастыра бастайды. Ғалым С.Н.Цейтлин «*Язык и ребенок: Лингвистика детской речи*» атты ғылыми еңбегінде баланың сөйлеу үдерісінде қолданған сөйлемдерді *бірсөзді, екісөзді, үшсөзді сөйлемдер* деп қарастырған . «Бұл сөйлемдер - көбінесе субъект пен оның әрекеті («*мамам келе жатыр*»), әрекет және объект әрекеті («*мама, берші*») немесе әрекет және әрекет *орны* («*кітап анда*»)» дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметовалар. Тіл білімінде бұндай сөйлемдерді *екісөзді сөйлем* деп атайды. Бұндай құрылымды сөйлемдерге қарап, бала тіліндегі алғашқы морфологиялық бірліктерді көруге болады. Кейіннен бала жасына сәйкес инсан мен предикат, нысан мен предикат арасындағы байланыс (септік, жіктік, тәуелдік жалғауларын) айқындала түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н., Балалар психологиясы, Алматы, 2012
2. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Мектеп 1986ж.
3. Түсіпқалиев Б.Т. Балалар ауруларының пропедевтикасы. Алматы 2009
4. Ғаламтор желісі